

Дукенов Женис Сериковичтің 8D08302 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Сырдария өзені жайылмасының тоғайлы ормандарын қалпына келтіруге бағытталған іс шараларды жетілдіру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша

ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫНА сәйкес (бағытын көрсету) келеді	Дукенов Женис Сериковичтің «Сырдария өзені жайылмасының тоғайлы ормандарын қалпына келтіруге бағытталған іс шараларды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. Ізденушінің диссертациялық жұмысы ЖТН ВР 10263776 – Қазақстанның оңтүстік өңірлері бойынша орман экожүйелерінің тұрақтылығын сақтау мен арттырудың ғылыми негіздерін әзірлеу ғылыми-техникалық бағдарлама аясында орындалды. Зерттеу тақырыбы 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасының биологиялық әртүрлілігін бірлесіп сақтау және орнықты пайдалану жөніндегі және 2020 жылы ҚР Президентінің Жолдауында айтылған 2025 жылға дейін орман қорында 2 млрд. ағаш және елді мекендерде 15 млн. ағаш пен бұта отырғызу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді (бағдарлама 2027 жылға дейін жалғасуда).
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал жасалынып отырған зерттеу жұмыстарының маңыздылығы, болашақта тоғайлы ормандарды тұрақты қалпына келтіруге және деградацияға ұшыраған жерлерде орман алқаптарын құрып, оның ауданын ұлғайтуға, жабайы аң-құсқа пана болуына, аталған өңірдің экологиясын жақсартуға және өзгеде өзекті мәселелерге оң ықпалы тигізетіні анық. Жұмыстың маңыздылығы толық ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа;	Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі – жоғары. Материалдың құрылымы жүйелі, ғылыми тіл

		3) төмен; 4) өзі жазбаған.	талаптарына сай, зерттеу әдістері мен нәтижелері нақты әрі дәлелді, толығымен талдау жүргізген және оқуға түсінікті тілде жазылған
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі тоғайлы ормандарды қалпына келтіруге бағытталған іс шараларды ғылыми тұрғыда жетілдіру қажеттілігімен негізделеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Жұмыстың барлық бөлімдері нақты «Сырдария өзені жайылмасының тоғайлы ормандарын қалпына келтіруге бағытталған іс шараларды жетілдіру» тақырыбындағы диссертацияның мазмұны толық ашылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты соңғы онжылдықтарда антропогендік факторлардың әсеріне қатты ұшыраған Қазақстандағы Сырдария өзенінің жайылмасындағы тоғайлы ормандарды қалпына келтіруге бағытталған іс шараларды жетілдіру болып табылады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық жағынан бір-бірімен тығыз байланысқан; зертханалық зерттеу жұмыстарының нәтижесі рет-ретімен баяндалып, қорытындыланған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Жаңа әдістер (топырақты өңдеу, көшеттерді отырғызуға дайындау) дәстүрлі тәсілдермен салыстырылып, артықшылықтары мен шектеулері көрсетілген, сонымен қатар басқа авторлардың еңбектерімен салыстыру арқылы ғылыми жаңалығы дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Алғаш рет ГАЖ технологиясын қолдана отырып, тоғайлы ормандардың жай-күйіне бағалау, орман құраушы ағаш түріне дендрохронологиялық зерттеу, ылғал сіңіретін заттар мен өсіп-өнуіне жақсы ықпал ететін стимуляторларды қолдану арқылы тәжірибелік учаскелерде негізгі орман құраушы ағаш түрлері отырғызылып

			зерттелген.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, автор ғылыми әдебиеттерді саралай келе дәлелдеген. Қорытындылары әр бөлімге нақты жасалған, олардың жаңалығы жарық көрген мақалалармен дәлелді. Аталған нәтижелер бұрынғы зерттеулерде қайталанбаған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жаңа және негізделген – толығымен жаңа, алғаш рет Сырдария өзенінің тоғайлы орманында қолданылып отыр.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Жүргізілген барлық зерттеулердің нәтижелері ғылыми тұрғыдан нақты және ауқымды дәлелдерге негізделген. Тоғайлы орманның жай-күйін бағалауды, тәжірибелік учаскенің топырақ жағдайларын, орман екпелерін құру мерзімдерін, өсіп-өнуін және бірқатар факторларды (топырақты өңдеу, ылғалды сіңіретін заттар мен өсу стимуляторларын қолдану) зерттеу арқылы диссертациялық жұмыстың қорытындылары талданған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі:</p>	<p>7.1 Қорғауға шығарылған барлық қағидалар толық дәлелденген. 7.2 Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидалары тривиалды емес, ғылыми жаңалығы бар. 7.3 Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидалары жаңа (тоғайлы ормандарды кешенді зерттеу). 7.4 Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін қолдану деңгейі кең, әзірленген шешімдер тоғайлы орман екпелерін құруда, жобалар әзірлеу кезінде, мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелерінде тоғайлы орманды қорғауда, молайту тәжірибесінде пайдалана алады. 7.5 Мақалада дәлелденген (отандық журналдарда және Scopus базасына кіретін журналдарда жарияланымдар бар).</p>

		<p>1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданылған әдістемелер дұрыс таңдалып алынған және әдіснама нақты жазылған. Диссертацияда қолданылған зерттеу әдістемелері заманауи және жалпы қабылданған әдістемелер болып табылады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Иә, диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, соның ішінде далалық тәжірибелер мен зертханалық сынақтарды қолдану арқылы алынған. Деректерді өңдеу және түсіндіру үшін статистикалық талдау сияқты компьютерлік технологиялар қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Иә, зерттеуде теориялық қорытындылар, модельдер және анықталған заңдылықтар эксперименттік зерттеулер нәтижелерімен дәлелденіп, расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Автор халықаралық және отандық дереккөздерге сүйене отырып, зерттеу нәтижелерінің ғылыми негіздемесін қамтамасыз еткен.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Әдебиеттер саны мен мазмұны зерттеудің теориялық негізін ашуға толық мүмкіндік береді.</p>
9	Практикалық	9.1 Диссертацияның теориялық	Иә, еңбекте тоғайлы орман екпелерін

	күндылық қағидаты	маңызы: 1) бар ; 2) жоқ.	күрудағы ғылыми тәсілдері жасалғандықтан теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ.	Иә, жасалынып отырған зерттеу жұмыстарының маңыздылығы, болашақта тоғайлы ормандарды тұрақты қалпына келтіруге және деградацияға ұшыраған жерлерде орман алқаптарын құрып, оның ауданын ұлғайтуға, жабайы аң-құсқа пана болуына, аталған өңірдің экологиясын жақсартуға және өзгеде өзекті мәселелерге оң ықпалы тигізетіні анық.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Тәжірибеге арналған ұсыныстар, толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, диссертация құрылымы жүйелі, мазмұны толық ашылған, қойылатын талаптарға сай рәсімделген.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мазмұны жағынан келесі ескертулер бар: диссертациялық жұмыста аздаған грамматикалық, орфографиялық қателіктер кездеседі. Кейбір бөлімдерде ақпарат қайталанған немесе негізгі идеялар ұзақ баяндалған. Алайда бұл ескертулер диссертациялық жұмыстың мазмұнын еш кемітпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр		Докторанттың диссертация бойынша жазылған мақалаларының ғылыми деңгейі зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Ізденуші диссертациясы аясында 8 мақала жариялаған, оның ішінде 2 мақала ақпараттық Scopus базасына кіретін журналдарда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамсыз ету комитеті ұсынған басылымдарында және 2 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда баяндалған. Жарияланымдар тақырыпқа толық сәйкес және ғылыми ортада

